

#38-39

(1013-1014)

27 желтоқсан

2024 жыл

ГАЗЕТ 2005 ЖЫЛДЫҢ 7 ҚАҢТАРЫНАН ШЫҒА БАСТАДЫ

JAS QAZAQ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЭЛЕКТРОНДЫҚ ГАЗЕТИ



@jasqazaqnews

vk.com.jasqazaq

Jasqazaq

Жас қазақ

jasqazaq.kz

jasqazaqkz



ЖАҒСЫЛЫҚ
ӘКЕЛСІН
ЖАҢА ЖЫЛ!

▼ BRENT \$74

▼ USD 523 T

▼ EUR 544 T

▼ RUB 5.22 T



«2024 ЖЫЛ ЕЛІМІЗ ҮШІН ӨЗГЕРІСКЕ ТОЛЫ, МАЗМҰНДЫ КЕЗЕҢГЕ АЙНАЛДЫ. ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖӘНЕ ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ СИПАТТАҒЫ КӨПТЕГЕН МАҢЫЗДЫ САЯСИ ОҚИҒАЛАР БОЛДЫ. БІЗ ӘЛЕМДІК ДИАЛОГТЫҢ ГЕОСАЯСИ ОРТАЛЫҒЫНА АЙНАЛЫП, ӨЗІМІЗДІ ЖАҢАНДЫҚ САЯСИ ПРОЦЕСТЕРДІҢ МАҢЫЗДЫ ҚАТЫСУШЫСЫ РЕТІНДЕ КӨРСЕТЕ АЛДЫҚ». МӘЖІЛІСТІҢ ЖЫЛДЫ ҚОРЫТЫНДЫЛАҒАН ЖАЛПЫ ОТЫРЫСЫНДА ПАЛАТА ТӨРАҒАСЫ ЕРЛАН ҚОШАНОВ ОСЫЛАЙ ДЕДІ.

Жиында еліміз бірнеше беделді халықаралық ұйымға лайықты деңгейде төрағалық еткені айтылды. Соның нәтижесінде халықаралық сарапшылар Қазақстанға «Аймақта адалдықпен келіссөз жүргізуші» деген баға берді.

Ал Мемлекет басшысының ресми іссапарлары да үлкен роль атқарғаны анық. Бұл ел мүддесіне қызмет етіп, мемлекеттің дамуына, халықтың әл-ауқатын арттыруға септігін тигізеді.

АЭС құрылысы туралы референдум Президенттің «барлық маңызды саяси шешімдер тек халықпен бірлесіп қабылданады» деген ұстанымының іске асуын айғақтады. «Мұны жаңа саяси мәдениет қалыптастыру жолында жасалған елеулі қадам дер едім. Осылайша, биыл өткен референдум нәтижесі мен елдің энергетикалық тәуелсіздігі жолындағы халықтың тарихи шешімі – ұлтымыздың ұйысуы мен қоғам белсенділігінің жарқын үлгісі болды», - деді Мәжіліс төрағасы.

2024 жыл Парламент Мәжілісі үшін де нәтижелі болғанын айту керек. Он екі айдың ішінде Мемлекет басшысының Жолдауларында, Сайлауалды бағдарламасында, Ұлттық құрылтайда берілген тапсырмаларын орындау үшін бірнеше маңызды заң қабылданды.

Әлеуметтік әділдік орнатуға бағытталған конституциялық нормалар толық жүзеге асырыла бастады.

2024: МӘЖІЛІС ЖЫЛДЫ ҚОРЫТЫНДЫЛАДЫ

«Қабылдаған заңдардың нәтижесін қазірдің өзінде көріп отырмыз. «Ұлттық қор – балаларға» жобасы мен қолды болған капиталды қайтару туралы заң – осыған айқын дәлел. Жыл басынан бері балалардың жинақтаушы шоттарына алғашқы кіріс түсіп, заңсыз шығарылған активтерге елде әлеуметтік нысандар салына бастады. Сонымен қатар, Президенттің «Келешек» бірыңғай ерікті жинақтау жүйесін енгізу туралы бастамасы да – азаматтарымыз үшін үлкен көмек, – деді Е.Қошанов.

Мәжіліс қоғам дертіне айналған түйткілді мәселелерді шешуге бағытталған заңдарды да қабылдады. Бүгінгі күні ойын бизнесі туралы заң, вейпке тыйым салу туралы норма іске асырылуда.

Есірткімен байланысты қылмыстар үшін жазалаудың сараланған тәсілі жөніндегі Президенттің тікелей тапсырмасын заңнамалық деңгейде орындалды. Заң арқылы есірткі өндіру мен тарату арасындағы жауапкершіліктің ара-жігі ажыратылды. Есірткі өндіруді ең ауыр қылмыстарға

теңестіріп, ол үшін жауапкершілік күшейтілді.

Мәжіліс төрағасы: «Халықаралық қоғамдастық «Отбасы және тұрмыстағы зорлық-зомбылық туралы» заңға жоғары баға берді. Бұл заңды БҰҰ «гендерлік зорлық-зомбылықты жою жолында жасалған қадам» деп атап, Астанаға алғысын білдірді», – деп атап өтті.

Сондай-ақ биыл несие берудегі қауіп-қатерді барынша

азайту туралы заң қабылданды. Олшамадан тыс несие алуды азайтуға септігін тигізеді. Мәжіліс жаңа Бюджет кодексін қабылдады. Бюджет заңнамасының басты қағидасы – қаржыны ұтымды, үнемді игеру және нақты қажеттілікке бағыттау.

Аудан әкімдерінің өкілеттігін кеңейту үшін шағын және орта бизнестен алынатын корпоративтік табыс салығы мен жеке табыс салығы облыстық деңгейден аудандық деңгейге беріледі.

Мәжілістің жыл қорытындылау жиынында Түркістанның ерекше мәртебесін бекітуге арналған тағы бір маңызды заң қабылданды. Бұл заң өңірдің өзін-өзі басқарудағы дербестігін арттырады. Мәжіліс төрағасының айтуынша, мұндай мәртебе жергілікті проблемаларды анағұрлым тиімді шешуге, инвестиция тартуға мүмкіндік береді және өңір экономикасының әрмен қарай дамуына септігін тигізеді.

Сөйтіп биыл Мәжілістің қарауында 106 заң жобасы болды.

37 заң қабылданып, 19 заңға Президент қол қойды.

**ӨТКЕНДЕ ЖУРНАЛИСТ ДАРХАН ӘБДІК «DOPE SOZ»
ПОДКАСТЫНДА ЖАС БУЫНҒА АРНАП: «ҚАЗІРГІ ЖАСТАРҒА
АЙТАРЫМ – КЕТІҢДЕР. ҚАБІЛЕТІ БАРЛАРҒА. ҚАЗАҚСТАН
ЖУЫҚ АРАДА ОҒАЛМАЙДЫ», – ДЕП АҚЫЛ АЙТТЫ.**

Әлбетте, бұл пікір қоғамда екі жақты көзқарас тудырды. Бірі мұны ашық айтылған пікір десе, енді бірі жастарды елден кетуге итермелеу деп сынады.

Қоғам белсендісі, журналист Жазира Бегалы қарсы шығып, елден кетуді мәселенің шешімі деп қарастырмайтынын айтты. Ол шетелге көшіп, кейін кері оралған таныстарының оқиғасын мысалға келтірді:

«2010 жылдары менің екі танысым Алматыдағы дүние-мүлкін сатып, Еуропаға көшті. Олар Қазақстанды сынап, дамыған елде бақытты өмір сүруге бел буды. «Еуропаға қарап ұли беріңдер» деп байланысты да үздім. Олар кетті. Бизнес дамытып, екеуі байып кетпеді. Бір жылдан кейін елге оралды. Қазақтың кең, дархан жерімен жылап көріскендей болды. Ана жақта, бөтен елде қатты қиналған секілді. Алматыда пәтер жалдады. Жалдамалы үйлерде түсіне кірмеген оқиғаларды басынан өткізді. Қазір сол оқиғаны еске аламыз. Бұрынғы ұрыс-керісті ұмыттық», – дейді. Жазира Бегалының пікірінше, жастар шетелге тек білім мен тәжірибе жинау үшін баруы керек: «Болашақ» бағдарламасын алып қарасақ та болады. Бірақ бұл елден көшіп кетуге емес, керісінше, әлем елдерінде тәжірибе жинап, соны Қазақстанның болашағы мен игілігіне пайдалануға бағытталған бағдарлама ғой. Шетелдік компанияларда жұмыс істеп, өмір сүріп, солардың мәдениетін көріп, соны келіп Қазақстанға енгізіп, жақсысын үйреніп, жаманынан жиреніп жатсақ, керемет емес пе? Мен елдің болашағы көретін жастар, міне, осылар. Олар елден кетсем демейді, керісінше, ертең балалары жақсы елде, жақсы қоғамда тұрсын деп қазірден ел үшін еңбек етуге тырысады. Асылында көздерінде от ойнар, сөздерінде жалын бар жастарымызды шетел

ПӘЛЕН ЖЕРДЕ АЛТЫН БАР. БАРСА...



асып кетуге емес, елімнің ертеңі үшін не жаңашылдық енгізіп, нендей өзгеріске себепкер болсам екен деп үйреткеніміз дұрыс болар еді. Біздің бір ғана Отанымыз бар екенін ұмытпайық».

Статистикаға сүйенсек, елімізден жылына кем дегенде 100 мыңдай азамат шетелде білім алуды таңдайды екен. «Болашақ» бағдарламасы шеңберінде АҚШ-та тағылымдамадан өтіп жатқан PhD доктор Алтын Ақынбекованың пікірін білдік.

«Шетелдік профессорлармен пікір алмасу, тәжірибе бөлісу – қазақ ғылымының дамуы үшін өте маңызды. «500 ғалым» бағдарламасының арқасында шетелде тағылымдамадан өтіп, жаңа білім мен тәжірибені өз елімнің игілігіне пайдалануға дайындалып жатырмын», – дейді ол. Шетелде жүріп, елге деген сағынышының ерекше екенін де жасырмады.

«Америка қарыштап дамыған ел болғанымен, өз елімізге ештеңе жетпейді. Біздің ата-бабамыздан қалған салт-дәстүріміз, тәрбиеміз, құндылықтарымыз – бәрі баға жетпес мұра.

Алматыны қатты сағындым. Еліме қайтып, университеттегі студенттеріме білім беруді жалғастырамын», – дейді Алтын Ақынбекова.

Сөйтіп Дархан Әбдік жастардың шетелге біржола кетуін қолдаса, Жазира Бегалы ел үшін қызмет етуге шақырады. Осындай пікірталастардан түйгеніміз – Қазақстанда білім мен тәжірибеге, дарынды жастардың дамуына көбірек көңіл бөлу керек

Ал шетелге кету – әркімнің жеке таңдауы. Бірақ елден кету немесе қалудың басты мақсаты – туған жердің дамуына үлес қосу болуы тиіс. Ел ішінде білім мен ғылымға ашық жастардың әлеуметтік, мансаптық жағдайы артатын болса, Қазақстанның болашағы жарқын болары сөзсіз.

Олжас ӘБДІХАЛЫҚ

АТОМ ЭНЕРГИЯСЫ

ФРАНЦУЗДЫҢ EDF (ÉLECTRICITÉ DE FRANCE) КОМПАНИЯСЫ 25 ЖЫЛДАН КЕЙІН ТҰҢҒЫШ РЕТ ЕЛДІҢ ҰЛТТЫҚ ЭЛЕКТР ЖҮЙЕСІНЕ ЖАҢА АТОМ ЭНЕРГИЯ БЛОГЫН ҚОСТЫ. «FLAMANWILLE 3» ЯДРОЛЫҚ РЕАКТОРЫ ФРАНЦИЯНЫҢ ТЕРІСТІГІНДЕ, ЛА-МАНШ БҰҒАЗЫ МАҢЫНДА ОСЫ АТТАС АЭС-ТЕ ОРНАЛАСҚАН. АЙТА КЕТКЕН ЖӨН, ЖОБАЛАУ БАРЫСЫНДА ТЕХНИКАЛЫҚ ОЛҚЫЛЫҚҚА ЖОЛ БЕРІЛДІ. СОНЫҢ КЕСІРІНЕН 2012 ЖЫЛЫ АЯҚТАЛУЫ ТИІС EPR (EUROPEAN PRESSURIZED REACTOR) ЯДРОЛЫҚ РЕАКТОРДЫҢ ҚҰРЫЛЫСЫ БІРАЗ УАҚЫТҚА СОЗЫЛДЫ. БҰЛ ӨЗ КЕЗЕГІНДЕ ҚАРЖЫЛАЙ ШЫҒЫН МӨЛШЕРІН 3 МИЛЛИАРДТАН 13 МЛРД ЕУРОҒА ДЕЙІН ҰЛҒАЙТУҒА ӘКЕП СОҚТЫ.

EDF компаниясының Бас директоры Люк Ремон (Luc Remont) жобаның жүзеге асуын тарихи оқиға деп бағалады. Оның бұлай дейтіндей жөні бар. Пандемиядан соң кәрі құрлықта «жасыл энергия» жаппай сәнге айналғанда француздар да арзан әрі тиімді бейбіт атомның қуатын тәрк ете жаздады. Елисей сарайына президент лауазымын иеленіп келген Макрон да атом энергиясына онша ықылас таныта қойған жоқ. Тіпті электр қуаты жүйесінің АЭС-ке тәуелділігін 50 пайызға дейін азайту қажеттігін мәлімдеген. Бұған атом энергетикасынан бас тартып,



Фото: Галамтор

ФРАНЦУЗҒА КЕРЕК АЭС

жаппай стансаларды жапқан көршілес Германия мен Италияның энергетикадағы саясаты да ықпал еткен шығар. Соңғысын қайдам, орыстың арзан «көгілдір отынынан» бас тартып, күн мен желге сенген немістер бармағын тістеп қалды. Бұл аздай, ақпарат құралдары

«Еуропаны қаһарлы қыс күтіп тұр» деп жиі қорқытатын болды. Осыдан кейін Париж билігі мықтап ойланған сияқты. Оның үстіне көміртегіден арылу қажет. Сөйтіп биылғы жылдың басында Франция басшысы ауқымды бағдарламаны жария етті. Оған сәйкес, жаңа 14 ядролық реактордың құрылысына 52 млрд еуро көлемінде инвестиция құйылады. Бұл сонау 60-70-ші жылдары салынған ескі атом электр стансаларының біразын алмастыруы тиіс.

Атом энергиясын өндіруде француздың тәжірибесі мол. 2022 жылға қарай елде 56 ядролық реактор жұмыс істеп тұрды. Бұл Еуропадағы барлық ядролық реакторлардан көп деген сөз. Мемлекеттің электр қуатына деген сұранысының 69 пайызын осы атом стансалары өтейді. Содан болар, француздар әлемдік базардағы көмірсутегі, әсіресе,



Фото: Галамтор

ФРАНЦУЗҒА КЕРЕК АЭС

табиғи газ бағасының құбылуына, ұзақ мерзімді келісім-шарттарға бас қатыра қоймайды. Сондай-ақ ядролық энергетикадағы жетістігі де көпке мәлім. Франция – ядролық отын өндірісінің толық сатысын меңгерген ел. Айта кету керек, Қытайдағы атом электр стансасына ядролық отын дайындайтын Өскемендегі Үлбі-ТВС зауыты француздың Framatome

АҚШ-тың Қазақстандағы бұрынғы елшісі Ричард Хогланд еліміздің дәстүрлі энергия көздерінен атом энергетикасына көшуі сындарлы әрі дер кезінде жасалған қадам деп есептейді. Көрнекті дипломаттың мәлімдемесі біздегі АЭС жобасын сынайтын батысшыл белсенді ұйымдар, түрлі қорлар, ақпарат құралдары мен блогерлерге жайсыз тигені анық. Бұл олардың популистік

ынтымақтастықты нығайтуға күш салады. Дипломат, әсіресе, Қазақ елінің әлемнің барлық мемлекеттерімен, соның ішінде, Еуропалық одақ, Қытай, АҚШ және Ресеймен тату қарым-қатынаста болуы айрықша құрметке лайық дейді. Ал атом электр стансасын салу идеясы мемлекеттің тұрақты энергия көзіне қол жеткізуге бағытталған талпынысынан туындайды.



Фото: akorda.kz

технологиясымен жұмыс істейді.

Осы тұрғыдан алғанда, бізге осы елмен бейбіт атомды игеру бойынша ынтымақтастың берері көп. Ең бастысы – Франция ғаламдық геосаясат пен геоэкономикадағы ықпалы күшті Батыстың белді мемлекеті. EDF компаниясы елімізде АЭС салатын халықаралық консорциумда орын алып жатса, жобаның инвесторлар үшін тартымды болатынына күмән жоқ.

сарындағы пікірі Америкадағы прагматик-саясаткерлердің көзқарасымен мүлде қабыспайтынын көрсетеді. Өйткені, Хогланд мырза атап өткендей, Қазақ елінің көпвекторлық ұстанымын АҚШ жоғары бағалайды. Халықаралық қоғамдастық жүргізіліп жатқан ауқымды реформаларды қолдайды. Дональд Трамп билікке келген соң Ақ үй Орталық Азия мемлекеттерімен, атап айтқанда, Қазақстанмен

Бұл жетіде энергетикадағы аса ірі жоба Ақордада жан-жақты сөз болды. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев энергетика министрі Алмасадам Сәтқалиевті қабылдап, елімізде атом электр стансасы жобасын іске асыру маңызды міндет екенін атап өтті.

Еске сала кетейік, биыл 6 қазанда өткен референдумда ел халқы АЭС салуды қолдайтынын білдірді.

**ТӘУЕЛСІЗДІК ТУҒАН ЕЛІМІЗБЕН ТАҒДЫРЛАС
ЕЛДЕРДІҢ ДЕ БАҒЫН АШҚАНЫ СӨЗСІЗ. ОЛАР ДА БІЗ
КӨРГЕН ҚИЫНШЫЛЫҚТАРДЫ БАСТАН КЕШТІ, ЕҢСЕРДІ,
ДАМУДЫҢ ЖАҢА ЖОЛЫНА ТҮСТІ. АТА-БАБА АРМАНЫН
ЖҮЗЕГЕ АСЫРУҒА БЕЛ ШЕШЕ КІРІСТІ. ЕЛДІК ДӘСТҮРІ
МЕН БОЛМЫСЫНА, МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛІ МЕН ТАРИХЫНА,
ДІНІ МЕН РУХАНИЯТЫНА, МӘДЕНИЕТІ МЕН ӨНЕРІНЕ
БЕРІК БІРНеше БУЫН ТӘРБИЕЛЕП, ӨСІРДІ. КҮН-ТҮН
ДЕМЕЙ ЕҢБЕК ЕТІП, АЛДАҒЫ КҮРДЕЛІ КЕЗЕҢДЕРДЕН,
БИІК АСУЛАРДАН АМАН-ЕСЕН, СӘТТІ ӨТУГЕ ТАЛПЫНЫС
ЖАСАП КЕЛЕДІ.**

Осы орайда алысты қоя тұрып, ежелден сүйегімізге сіңген «көрші ақысы – тәңір ақысы» қағидатымен қырғыз, өзбек, түрікмен, тәжік, әзербайжан ағайындармен қарым-қатынас туралы бір-екі ауыз сөз айтқанды жөн санадық.

Шүкір, мемлекетаралық байланыс, инвестициялық ықпалдастық ретімен қарқынды дамып келеді. Алайда барыс-келіс, сауда-экономика мәселерінен бұрын қоғамдық-саяси пікірлерге ықпал ететін тетіктер көбіне назардан тыс қалатын сияқты.

Мысалы, Дүниежүзілік көшпелілер ойындарының спорт алаңында көкпаршылардың ерегісін, қақтығысын (Еуропа елдерінде мұндай жағдай сәт сайын болып тұрады) екі ұлт арасындағы дау ретінде көрсетуге тыраштану кімге керек болды? Соны қоздатқан пейілі күмәнді ақпараттық коммуникация құралдарының, журналшылардың мақсаты не?

Таяуда Өзбекстанда өткен бокс жарысында спортшы құлағынның тістелгенін жанұшыра жарыса жариялайтындай не көрінді? Егер көрші елдерде болып жататын түрлі бәсекедегі, спорттағы, тұрмыстағы барша кикілжіңге

Ал былайғы жұрттың бірегей өркениеттер тоғысқан аймақ хақында, яғни біз бен сіз турасында теріс ой түйіп, инвесторлық қауқары бар іс адамдарының «Қоңсы отырса да көршіге достығы жоқ екен» деп тұжырым жасамасына кім кепіл?..

Біздіңше, бұл – советтік ескі жүйеден, қасаңдықтан қалып қойған сарқыншақ, күші басымға

БІР-БІРІМІЗДІҢ [ОРТАЛЫҚ



ұлттық, этностық реңк беріп қараудан арылмасақ, тым алысқа кетіп қалуымыз да мүмкін.

құлдық ұрып, үнемі өшігу, өштесу психологиясының қалдығы. Ендеше тәуелсіздіктің қадірін, теңдік пен

еркіндіктің бағасын білетін қай елдің азаматы болсын мұндай құйтұрқының түп-төркінін тез түсініп, ешқашан асығыс шешім қабылдамауы керек.

Әйтпесе ежелден ауылы аралас, қойы қоралас, қыз алып, қыз беріскен, құдандалы, бір-біріне тамыр елдер ортақ сан ғасырлық тарихын, ағайындық жолын білмеген болып шығады.

өлім-жітімі мен той-томалағының басында жүретін имамдары мен асабаларына жүктесе де артықтығы жоқ.

Мәселен, мың жылдық тарихымыздағы қазақтың қырғызға немесе қырғыздың қазаққа жасаған жақсылығын айтып тауыстық па, көрсетіп болдық па? Ой түйіп, ортақтасатын мәселе, ес жиып, түгендейтін тәлім көп-ақ.

бәрі пәлен-түген» деген басы артық, бос әңгімеге орын қалмайды.

Осы жылы тамыз айында өткен Орталық Азия мемлекеттері басшыларының VI Консультативтік кездесуінде Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев:

«Ортақ тарихи сюжеттерді экранизациялауға, халықтарымыздың достығы мен ынтымағын дәріптеуге ерекше

ТІЛЕУІМІЗДІ ТІЛЕЙІК АЗИЯНЫҢ ЖАҢА КЕЛБЕТІ

Сондықтан дәл бүгін әлемді, көршіні мысқылдаудың реті, қайбір ісіне күлудің қисыны келмейді. Қайта қолдан келгенше болысып, бір-біріміздің тілеуімізді тілейік. Қазақтың дана ақыны Шәкәрім қажы Құдайбердіұлы мұны былайша түйіндепті:

*Біреудің мінін көргенше,
Жамандығын тергенше,
Өз ойыңды мазалап,
Өз бойыңды тазалап,
Өзіңмен алыс өлгенше!*

Дәл осындай тұжырымды көрші қонған жұрттың ғұламалары да айтты деп ойлаймыз.

Мына қым-қуыт заманда біз бір халықтың екінші халыққа жасаған жақсылығын жер-жаһанға жариялауға асығуымыз қажет. Осыны Орталық Азия мемлекеттерінің бұқаралық ақпарат құралдарына ғана емес, зиялы қауымына, әсіресе ғалымдары мен қаламгеріне, блогер буынына қадап тапсырып, аманаттаған жөн. Тіпті осыны

Сондай-ақ қазақтың өзбекке, түрікменге, тәжікке, әзербайжанға немесе осы ұлттардың қазаққа қол ұшын берген, көмектескен, жол көрсеткен кезі аз емес. Міне, осындай ағайынгершілік, имандылық, бауырластық дерегін, оқиғаларын, жағдайын білу, насихаттай жүру үлкен-кішіге бірдей парыз болғаны абзал. Бұл қазіргі қоғамның, қауымның жақсы қасиеттерін еселендіріп, бірлігіміз бен достығымызды нығайтуға септесетіні анық.

Жаңа заманға лайықты мұндай халықтық дипломатия жетістіктері Орталық Азиядағы өзара сенімділікті, тұрақтылықты күшейтеді. Өйткені, ынтымақ қайда болса, ырыс сонда.

Бір-біріміздің жақсылығымызды көріп, шынайы бағаласақ, сенім де, жақсылық та, береке де артады. Сенім берік жерде арандатушының, мақтаншақ пен бөспенің аузына құм құйылады. Пендешілікпен айтылатын «бізден басқа халықтың

мән беру керек. Біз жалпыөңірлік телеарна және ақпараттық интернет-порталын ашу мәселесін талқыладық. Бұл ретте Орталық Азия елдерінің телехабар тарату саласындағы ынтымақтастығы туралы келісімді әзірлеп, қол қоюдың маңызы зор», – деп атап көрсетті.

Біздіңше, осы келісімді жүзеге асыру жоғарыда көтерілген мәселелерді түбегейлі шешіп, Орталық Азияның жаңа келбетін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Тарихы терең үлкен өңірді жаңғырту мен елдердің бір-біріне сенімін арттырудың тетігі де осы аяда деп ойлаймыз.



ДАРХАН МЫҚБАЙ,
МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ ҚОҒАМ ҚАЙРАТКЕРІ



Асқар ДҮЙСЕНБІ:

ӘН МӘТІНІН БАҚЫЛАЙТЫН АРНАЙЫ ОРГАН БОЛУЫ КЕРЕК

«Жастардың көбісі әуенге еліктейді. Ал сөздің мәтініне мән бере бермейтін секілді. Қазір ешқандай бақылау жоқ. Ән мәтінін бақылайтын арнайы орган болуы керек. Кім не айтқысы келеді, соны айтып жатыр. Әнде де сүзгі болуы керек. Кім не айтады, соны айта беретін болса, ол өнер болмайды! Өнер болған соң белгілі бір таразы мен өлшемі болуы керек. Сонда сөзде де мән, әнде де әуез болады.

Қазір жеңіл, күнделікті тұрмыста қолданатын, көше сөздері қолданылған жеңіл әндер трендте. Онда

СӨЗДЕ МӘН,

«ӘННІҢ ДЕ ЕСТІСІ БАР, ЕСЕРІ БАР,
ТЫҢДАУШЫНЫҢ ҚҰЛАҒЫН КЕСЕРІ БАР.
АҚЫЛДЫНЫҢ СӨЗІНДЕЙ ОЙЛЫ КҮЙДІ
ТЫҢДАҒАНДА КӨҢІЛДІҢ ӨСЕРІ БАР...»
ДЕП АБАЙ АТАМЫЗ ЖЫРЛАҒАНДАЙ,
КӨҢІЛДІ ӨСІРЕТІН ӘН БАР МА ҚАЗІР?
БҰЛ МӘСЕЛЕГЕ ҚАТЫСТЫ АЙТЫЛАТЫН
ПІКІР КӨП.

АҚЫН АСҚАР ДҮЙСЕНБІ JAS
QAZAQ-ҚА БЕРГЕН СҰХБАТЫНДА
ӨНЕРДІ БАҚЫЛАЙТЫН АРНАЙЫ
ОРГАННЫҢ БОЛҒАНЫ ДҰРЫС ДЕЙДІ.
АЛ КОМПОЗИТОР ЕРЛАН КӨКЕЕВ
ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ЭСТРАДАСЫНДАҒЫ
ЖАСТАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНА
ЖОҒАРЫ БАҒА БЕРДІ.

АСҚАР ДҮЙСЕНБІ БЕЛГІЛІ КОМПОЗИТОР АРМАН ДҮЙСЕНОВПЕН
ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ БАЙЛАНЫСТА БОЛҒАН ЕДІ. ДИМАШ
ҚҰДАЙБЕРГЕН, ҚАЙРАТ НҰРТАС, ТАМАРА АСАР СЫНДЫ
ӘНШІЛЕРДІҢ ОРЫНДАУЫНДАҒЫ ӘНДЕРГЕ СӨЗ ЖАЗҒАН АҚЫН.
ҚАЗІРГІ ЖАСТАРДЫҢ ТАЛҒАМЫНА САЙ БОЛУҒА ЖҮРЕКСІНСЕ
ДЕ, ҰСЫНЫС ТҮССЕ, БҰЛ БАҒЫТТА ҚАЛАМ ТЕРБЕУГЕ ДАЙЫН
ЕКЕНІН ЖЕТКІЗДІ.

көркемдік болмауы мүмкін. Алайда негізгі бағыт әуенге басымдық беріледі. Сол себепті жастар тек әуенге еліктейді. Оның сөзіне мән бермейді.

Қазіргі шығып жатқан жас толқын әншілерді көп тыңдаймын, қарап отырамын. Кім, қай бағытта ән орындап, өнерді дамытып жатыр деп қараймын. Мысалы, «91» тобының жанкүйері емеспін. Жаңа шыға бастаған кезден бастап-ақ, қарап, тыңдап көрдім. Жаңа заманның бағыты шығар, әрине! Бірақ әндерінің мәтіндеріне көңілім толмайды. Сол секілді Калифорния деген де бар».

ӘНДЕ ӘУЕЗ БАР МА?



Ерлан КӨКЕЕВ:

ЖАСТАР ТОҚТАМАЙ ЖАҢА ӘНДЕР ЖАЗУЫ КЕРЕК

«Бүгінгі күні жастарымыз, әншілеріміз өте мықты, өте тамаша. Техникалық жағынан, музыкалық білімі жағынан шығармашылық бағыттары қатты ұнайды. Ирина Қайратовна болсын, Shiza, Фархат, Садраддин болсын – барлығын сүйіп тыңдаймын.

Бүгінгі заман – мүлде басқа. Әнмен қоса бейнеклиптері де мағыналы. Сөзі де жақсы. Ал егер сленг сөздерді қолданады десеңіз, ол біздің кезімізде де болды. Уақыты келе ол да өтіп кетеді. Мысалы, «чувак», «лабать» ойнау деген мағынаны білдіреді. Сол секілді өте көп сөздерді жас кезімізде қолдандық.

ЕРЛАН КӨКЕЕВ 1990-ЖЫЛДАРЫ МЕДЕУ АРЫНБАЕВ, ҚЫДЫРӘЛІ БОЛМАННАН ҚҰРАЛҒАН «АБК» ТОБЫНЫҢ ҚҰРАМЫНДА ӨНЕР КӨРСЕТТІ. ҚАЗІРГІ ТАҢДА ОЛ ЖАС МУЗЫКАНТТАР МЕН ӨНЕР ЖОЛЫНДАҒЫ ЖАНДАРҒА ТӘЛІМ БЕРУМЕН АЙНАЛЫСАДЫ.

ОЛ ЖАСТАРҒА ЕШТЕҢЕДЕН ТАЙСАЛМАЙ, ЖАҢА ТУЫНДЫЛАР ЖАЗУДЫ ЖАЛҒАСТЫРУДЫ ҰСЫНАДЫ. ОНЫҢ ОЙЫНША, ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ МУЗЫКАСЫ ӨЗ АУДИТОРИЯСЫНА ЛАЙЫҚ, АЛ ЖАСТАРДЫҢ ҚОЛДАНЫСЫНДАҒЫ СЛЕНГ СӨЗДЕР УАҚЫТ ӨТЕ КЕЛЕ ТАБИҒИ ТҮРДЕ ӨЗГЕРІП, ӨЗ ОРНЫН ТАБАДЫ.

«Жастар ештеңеге қарамай, тоқтамауы керек. Сөзге және басқасына тиісудің қажеті жоқ. Жазсын, жаңа дүниелерді өмірге әкелсін. Барлығы жақсы болады.

Қазіргі қазақ музыкасы өз аудиториясына лайық, ал жастардың қолданысындағы сленг сөздер уақыт өте келе табиғи түрде өзгеріп, өз орнын табады».

Дайындаған Олжас ӘБДІХАЛЫҚ

АСТАНА

АСТАНАДАҒЫ ПРЕЗИДЕНТ ОРТАЛЫҒЫНДА БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН ЖАҢА ЖЫЛДЫҚ МЕРЕКЕ ӨТКІЗІЛІП, ОҒАН 300 БАЛА ҚАТЫСТЫ. ІС-ШАРАНЫ ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛАР ЖЕТІМ БАЛАЛАР, АТА-АНАСЫНЫҢ ҚАМҚОРЛЫҒЫНСЫЗ ҚАЛҒАН БАЛАЛАР, ӘЛЕУМЕТТІК АЗ ҚАМТЫЛҒАН ЖӘНЕ КӨП БАЛАЛЫ ОТБАСЫЛАРДЫҢ ӨКІЛДЕРІ, МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ, ЕРЕКШЕ БІЛІМ БЕРУДІ ҚАЖЕТ ЕТЕТІН БАЛАЛАР, СОНДАЙ-АҚ МЕКТЕПТЕ, СПОРТТА, ШЫҒАРМАШЫЛЫҚТА ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК САЛАДА ЖЕТІСТІККЕ ЖЕТКЕН ДАРЫНДЫ БАЛАЛАРҒА НАҒЫЗ МЕРЕКЕЛІК КӨҢІЛ-КҮЙ СЫЙЛАДЫ.

Мерекелік бағдарлама мазмұнды әрі жан-жақты өтті. Қатысушылар үшін «Витебскідегі славян базары» халықаралық байқауларының жеңімпаздары мен «Голос» телешоуы, сондай-ақ танымал қазақ эстрада жұлдыздары өнер көрсетті. Жүргізушілер

мен аниматорлар қазақ және әлемдік ертегілер кейіпкерлерінің киімдерін киіп өнер көрсетті.

Жаңа жыл қарсаңында аудан әкімдіктері де елорданың жас тұрғындарына арнап шырша мерекесін өткізеді.



ПРЕЗИДЕНТ ШЫРШАСЫ: ҚУАНСА,



Суреттер: Астана әкімінің баспасөз қызметі



ҚУАНСЫН БАЛАЛАР!



Алматыда дәстүрлі «Таңғажайып Жаңа Жыл» атты Президенттік жаңа жылдық шырша өтіп, 400 бала қатысты. Олардың қатарында жетім, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, аз қамтылған және көп балалы отбасылар мен ерекше білім беру қажеттілігі бар балалар, сондай-ақ оқуда, спортта және шығармашылықта жетістікке жеткен дарынды балалар да болды.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың атынан қонақтарды Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев құттықтады.

Ертегі кейіпкерлері – Олаф пен жаңа жылдық Бұғы мерекелік көңіл күй сыйлады.

Аяз Ата мен Ақшақар да дәстүрлі байқауын өткізді.

Ең соңында балалар Президенттің атынан жаңа жылдық сыйлықтар алды.

Jas Qazaq

Суреттер: Алматы әкімінің баспасөз қызметі



ЖАҢА ЖЫЛ ҚАРСАҢЫНДА АСТАНАДА ТУРИЗМ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІНІҢ ҰЙЫМДАСТЫРУУЫМЕН ӨТКЕН ДӘСТҮРЛІ «ҮЗДІК-2024» СЫЙЛЫҒЫН ТАПСЫРУ РӘСІМІНДЕ 2024 ЖЫЛДЫҢ ОТАНДЫҚ СПОРТ ҮШІН ЕРЕКШЕ БОЛҒАНЫ БАСА АЙТЫЛДЫ.

ЖЫЛ ҮЗДІКТЕРІ: ЕЛДОС СМЕТОВ, ДАВИД ДЕГТЯРЕВ ЖӘНЕ ҚУАНЫШ

Сондай-ақ биыл Астанада 5-ші Дүниежүзілік көшпенділер ойыны өткізілді. Дүбірлі додада 89 елдің спортшылары бақ сынасып, Қазақстан құрамасы жалпыкомандалық есепте топ жарды.

Салтанатты іс-шарада маңызды спорт жарыстарында жүлделі орыннан көрінген спортшылар мен олардың бапкерлері, БАҚ өкілдері марапатталды.

Жыл қорытындысы бойынша Елдос Сметов пен Давид Дегтярев «Жылдың үздік спортшысы», Ғалымжан Жылгелдиев пен Юрий Колесников «Жылдың үздік жаттықтырушысы» атанды. Басқа да номинациялар бойынша біраз адам марапатталды.

Сый-құрметтен спорт тақырыбына қалам сілтейтін журналистер де құралақан қалған жоқ. Олардың бел ортасынан «Jas Qazaq» газетінің мектебінен өткен Қуаныш Нұрданбекұлының табылуы біз үшін



үлкен мақтаныш. Марапат алғаннан кейін ол алдымен редакциямызға хабарласып, «Жас қазақтың да үлесі бар бұл марапатта!» деп көңілімізді бір өсіріп тастады.

Қаламың мұқалмасын, Қуаныш! Әрдайым биіктен көріне бер!

Jas Qazaq

Жиында сөз сөйлеген туризм және спорт министрі Ербол Мырзабосынов: «Осы жылдың басты додасы Париж Олимпиадасы мен Паралимпиада екені анық. Біздің құрама тарихи жетістіктерге қол жеткізді. Дзюдошы Елдос Сметов Олимпиада чемпионы атанды. Бұл – Тәуелсіз Қазақстан тарихында дзюдодан бұйырған алғашқы медаль. Гимнастикадан алғаш рет Олимпиада медалін жеңіп алдық. Ол жүлде Нариман Құрбановқа бұйырды. Давид Дегтярев парапауэрлифтингтен екі дүркін Паралимпиада чемпионы атанды. Пара-дзюдошы Ақмарал Науатбек Олимпиада шыңын бағындырды», – деп атап өтті.

Бас редактор

Срайыл СМАЙЫЛ

Гүлнар АХМЕТОВА
Директор

Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ
продюсер-менеджер

Ғалия ҚАЛИЕВА
дизайнер/фотосуретші

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Әбубәкір СМАЙЫЛОВ
Астанадағы меншікті тілші

Олжас ӘБДІХАЛЫҚ
редактор

МЕНШІК ИЕСІ: «Аманат Медиа» ЖШС

Бас есепші **Расима ӘКІМБЕКОВА**

Редакцияның мекенжайы:

Алматы қаласы, Жамбыл көшесі, 114/85,
№214 кеңсе

Телефондар: 8(727) 272-43-39; 272-43-25
Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 272-46-22 (жарнама бөлімі)